III. Тыңдалды.
Н.Кабдыкешов – ауыл әкімі.

1.Құрметті Қоғамдастық кеңес мүшелері, биылғы жылы Тарлаулы ауылдық округі, Тарлаулы ауылына қысқы уақытта көше жолдарын қардан тазалау жұмыстарын жүргізу үшін 6 502 688 (алты миллион бес жүз екі мың алты жүз сексен сегіз) теңге қаражатқа «Сак Холдинг» жауапкершілігі шектеулі серіктесімен келісім-шарт жасап, бір көзден сатып алу арқылы конкурсқа қойсақ. Осыған айтар ойларыңыз бен пікірлеріңізді білдірсеңіздер.

II.Жарыссөз

1.А.Амренов –жергілікті қоғамдастық кеңес төрағасы:

Құрметті ауыл әкімі және қоғамдастық кеңес мүшелері, Қысқы уақытта ауылымызда қар қалын түсетінің жақсы білесіздер. Қысқы уақытта Аягөз немесе Ақтоғай кентінен қар күрейтін техника келіп кетуі өте қиын. Сол себепті ауылымызда тұрған техника бұл жұмыстарды атқарса тиімді болады. Сак Холдинг» жауапкершілігі шектеулі серіктесімен келісім-шарт жасауға қарсы емес екенімді жеткізгім келеді

2.А.Көшкінбаев– жергілікті қоғамдастық кеңес мүшесі:

Бұл ойлаңызды құптаймын. Ауыл көшелерінің жолдары қардан тазаланып тұрса «Сак Холдинг» жауапкершілігі шектеулі серіктесімен келісім-шарт жасауға қарсылығым жоқ. «Сак Холдинг» жауапкершілігі шектеулі серіктесімен бір көзден сатып алу тәсілімен келісім-шарт жасалған дұрыс деп санаймын. Сондықтан ешкім қарсы болмайды деп ойлаймын.

Бүгінгі күн тәртібіндегі мәселе бойынша:

1.Шешімі: Тарлаулы ауылдық округі, Тарлаулы ауылының көше жолдарын қардан тазалау жұмыстары «Сак Холдинг» жауапкершілігі шектеулі серіктесімен бір көзден сатып алу әдісімен келісім-шарт жасалсын.

Дауыс берулеріңізді сұраймын.
«Қолдағандар»- 13 адам
«Қарсы» -0 адам.
«Қалыс» -жоқ.

Дауыс берудің қортындысы бойынша шешім бірауыздан қабылданды.

Күн тәртібі толық қарастырылды.

Жиынды өткізу бойынша қандай ескертулер мен ұсыныстар бар?
Ұсыныстар мен ескертулер жоқ.
Жиынды жабық деп жариялауға рұқсат етіңіздер.

Жиналыс төрағасы: **А.Амренов**

Жиналыс хатшысы: **Г.Сембаева**